



### «Дарынды балаларға - талантты ұстаз»

- 1. Тегі, аты, әкесінің аты:** Молдакулова Рабиға Кенжалықызы
- 2. Жұмыс орны, лауазымы:** №67 гимназия, физика пәні мұғалімі
- 3. Жынысы:** әйел
- 4. Туған күні мен жері:** 13.06.1965, Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы, Қазақ ауылы
- 5. Ұлты:** қазақ
- 6. Білімі:** жоғары, Абай атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді Мемлекеттік Қазақ педагогика Университеті, 1992 ж.
- 7. Ғылыми дәрежесі, атағы:** жоқ
- 8. Қазақстан Республикасының қандай марапаттары бар, марапаттау күні:** ҚР БҒМ Құрмет грамотасы, 2015 ж.
- 9. Тұрғылықты мекен-жайы:** Нұр-Сұлтан, Н.Тлендиев көшесі, 46 үй, 85 пәтер
- 10. Жалпы жұмыс өтілі:** 24 жыл
- 11. Осы ұйымдағы жұмыс өтілі:** 9 жыл
- 12. Марапатталушының жетістіктері:**

Молдакулова Рабиға Кенжалықызы Нұр-Сұлтан қаласы, № 67 гимназияда 2011 жылдан бастап физика пәні мұғалімі лауазымында қызмет етіп келеді. Рабиға Кенжалықызы білікті маман, педагог-шебер. 2017 жылы жаратылыстану пәндері мұғалімдерін ағылшын тілінде оқыту жүйесі басталғаннан бері өз еркінімен осы курстарды тәмәндап, бүгінгі күні 8-9 сыныптарда физика пәнінен ағылшын тілінде факультатив сабақтарын өткізіп келеді.

Педагог өз оқушыларын ғылым жолына жетелеп бірнеше ғылыми зерттеулерге жетекшілік етті. Нәтижесінде оқушылары бүгінгі таңда өзекті тақырыптар бойынша өз жобаларын қалалық, республикалық, халықаралық байқауларға ұсынды: 2019 жылы Байқоңыр қаласында өткен «Ғылым әлемін ашамыз» ғарыштық зерттеу жұмыстары байқауында 3 оқушысы Грамотамен марапатталды; 2019 жж. 2 оқушысы жалпы білім беретін Республикалық ғылыми жобалар конкурсына қатысты, 2015 жылдан бастап бірнеше оқушылары қалалық жалпы білім беретін ғылыми жобалар конкурсы, «Ғылымға дебют» ғылыми жобалар конкурстарының жүлдегерлері аттанып келеді. Сонымен қатар, шәкірттері жалпы білім беретін пәндер бойынша

аудандық, қалалық олимпиадада да жүлдеге ие болып жүр. Бұндай жетістіктер педагогтен үнемі ізденісте болуын талап етеді.

Молдакулова Р.К. үнемі өз білімін, тәжірибесін жетілдіруге назар аударып отырады. Мектеп, қала көлемінде семинар, конференцияларда тәжірибесімен бөлісіп отырады: 2019 ж. - «Көптілді білім беруді дамытудың рөлі және 21 ші ғасыр дағдысын қалыптастыру» Халықаралық ғылыми практикалық конференциясында баяндама қорғады, 2019 ж. – «Қазіргі білім беру :мақсаттар мен үрдістер, ой қозғағыштар мен ізденістер» тақырыбындағы 16 Аймақтық конференцияда шебер-сынып көрсетті, республикалық әдістемелік баспасөз беттерінде сабақ жоспарлары, мақалалары басылып отырады.

Физика пәнінен авторлық курстарға бағдарлама жазып, республика көлемінде қорғалды. Педагогтің осы бағыттағы жұмыстары бағаланып ҚР БҒМ, Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы тарапынан бірнеше марапаттауларға ие болды.

Сонымен қатар, мектебіміздің жас физиктеріне тәлім-тәрбие беріп, физика пәнінің қыр-сырын үйретуде.